SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 3, Number 301 (2015)

UDC 314.9

Kazakhstan model of world and traditional religion

M. Egamberdyev, K. Kartayeva
mirzahan_74@mail.ru, kartaeva_k@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National university, Kazakhstan, Almaty. Ass.Prof.Dr.

Key words. Ethnos, ethno-demography, confession, dialogue of confessions, leaders of religion.

Abstract. This article discusses the current problems of inter-ethnic and inter-religious relations in Kazakhstan, including Almaty city and its territory. Also analyzes the stable model of interethnic and inter-relationship of the state with civil society, public policy support from faith-based organizations, and ideas and problems are discussed at the international congress of leaders of world religions and denominations held annually in the city of Astana.

The indigenous population of the country - the Kazakhs, ethnic groups of Kazakhstan is given according to official data of the Statistics Agency of Kazakhstan. At this time in domestic science and society is very important to analyze and determine the major religions and faith-based organizations: structure, settlement, language, religion of people, ethno-demography and ethno-cultural ties between them. The stable development of Kazakhstan is the key of forming a model of peace and harmony, tolerance and friendship, dialogue between peoples.

УДК 314.9

Әлемдік және дәстүрлі діндердің қазақстандық моделі

М.Ш.Эгамбердиев, Қ.Б. Картаева
mirzahan_74@mail.ru, k_kartaeva@mail.ru
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

Кілт сөздер. Этнос, этнодемография, конфессия, діни диалог, дін көшбасшылары.

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда, соның ішінде Алматы қаласы мен Алматы облысында қалыптасқан дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдары қарастырылады. Сондай-ақ Қазақстанда этносаралық және дінаралық келісімнің тұрақты моделінің қалыптасуының мемлекет, азаматтық қоғам, оның ішінде діни бірлестіктер тарапынан үздіксіз қолдау көрсетіп отыруымен байланыстылығы, Астана қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерінде қабылданған идеялар, әлемдік және дәстүрлі діндердің қазақстандық моделіне талдаулар қамтылады. Қазақстан халықтарын құрайтын жергілікті халық қазақ халқы мен Қазақстанды мекен еткен басқа ұлттар мен ұлыстардың жалпы саны ҚР Статистикалық Агенттігінің ресми мәліметі негізінде берілген. Діни конфессиялар мен ұйымдардың бағыттарын қамту, қазіргі Қазақстан халықтардың құрамын нақтылау, олардың діні мен тілін, Қазақстан өңірлерінде қоныстануын нақтылау және саралау, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарын анықтаудың қоғам үшін, отандық ғылым үшін маңызы ерекше. Қазақстан Республикасының табысты дамуы – Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін қалыптастыра білуі, мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде көп ұлтты халықтың өзара татуластығы, бірлігі мен дінаралық диалогы.

Қазақстан Республикасының табысты дамуы – Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін қалыптастыра білуі. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде көп ұлтты халықтың өзара татула стығы, бірлігі мен дінаралық диалогты атауға болады. 1995 жылы 1 наурызда ҚР Президенті Ә. Назарбаевтың жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында Қазақстан Халықтары Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ұлтаралық және дінаралық диалогтың теңдессіз институты [2; 11, 10-20 б.].

Қазақстан халықтарын құрайтын жергілікті халық қазақ халқы мен Қазақстанды мекен еткен басқа ұлттар мен ұлыстардың жалпы саны ҚР Статистикалық Агенттігінің 2014 жылдың 1 қазанындағы ресми мәліметі бойынша бұл күнде 17 353 700 адамға жетіп отыр. 2014 жылдың қаңтарындағы ресми мәлімет бойынша еліміздегі қазақтардың саны – 11 244 547, басқа ұлттар саны – 6 109 153. Соның ішінде Алматы облысы бойынша барлық халық саны – 1 984 518; соның ішінде қазақтар – 1 383 345; орыстар – 301 713; өзбектер – 4627; украиндар – 5250 ; ұйғырлар – 156 004; татарлар – 13 829; немістер – 9117; корейлер – 16 651 ; әзірбайжандар – 17 187; белорустар – 732; түріктер – 37 458; дүнгендер – 1848; поляктар – 1187;

күрттер – 14 794; шешендер – 5991; тәжіктер – 770; башқұрттар – 352; басқалар – 13 663. Енді Алматы қаласы бойынша талдасақ, халық саны – 1 507 509; оның ішінде қазақтар – 845 938; орыстар – 447 259; өзбектер – 8806; украиндар – 10 536; ұйғырлар – 80 347; татарлар – 21 823; немістер –6458; корейлер – 28 648; әзірбайжандар – 9438; белорустар – 1643; түріктер – 6523; дүнгендер – 7507; поляктар – 842; күрттер – 2369; шешендер – 2396; тәжіктер – 2510; башқұрттар – 552; басқалар – 23914 [1].

Қазіргі Қазақстан халықтардың құрамын нақтылау, олардың діні мен тілін, Қазақстан өңірлерінде қоныстануын нақтылау және саралау, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарын анықтаудың қоғам үшін маңызы ерекше. Осы тұста Қазақстан халықтарының құрамына тоқталып өтейік, *саны жағынан көп басқа ұлт өкілдері:* орыстар, украиндар, өзбектер, немістер, татарлар, ұйғырлар, белорустар, корейлер, азербайжандар, түріктер, поляктар, дұнғандар, күрдтер, чечендер, тәжіктер, башқұрлар, молдавандар, ингуштар, мордвалар, армяндар, гректер, чуваштар, қырғыздар, удмурттар, литовтар, болгарлар, еврейлер, марийлар, грузиндер, цыгандар, лезгиндер, қытайлар, парсылар, түрік-месхеттер, балкарлар, осетиндер, эстондар, латыштар, түркмендер, қарақалпақтар, аварлар, қарашайлар, қырым татарлары. *Саны жағынан аз ұлт өкілдері:* чехтар, абазиндер, абхаздар, австриилықтар, агулдер, адыгейлер, албандар, алеуттар, алтайлықтар, американдықтар, ағылшындар, арабтар, ассирилықтар, афгандар, белудждер, буряттар, венгрлер, вепстер, вьеттер, гагауздар, голландықтар, грузиндік еврейлер, даргиндер, долғандар, жапондар, қырым еврейлері, ижорлар, испандықтар, итальяндар, ительмендер, кабардиндер, қалмақтар, қарайымдар, карельдер, кеттер, комилар, коми пермяктар, коряктар, кубиндер, лактар, ливтар, мансилар, монғолдар, нанайлар, үнділер мен пакистандықтар, нганастар, негидальдар, ненцтер, нивхилер, ноғайлар, ортаазиялық еврейлер, ороктер, орочилар, румындар, рутульдар, рушандар, саамдар,селькуптар, сербтер, словактар, табасаран, талыштар, таттар, тау еврейлері, тофалар, тувиндер, удиндер, удэгейлер, ульчтар, финдер, француздар, хакастар, ханттар, хорваттар, цахурлар, черкестер, чехтар, чувандар, чукчалар, шведтер, шорцтар, шугнандар, эвенкилер, эвендер, энцтер, эскимостар, юкагирлер, якуттар [2; 4, 84-86 бб.].

Әрине, осындай 130 дан астам ұлт өкілдері тоғысқан мекен көп діннің де тоғысқан мекені болады. 2009 жылғы жалпыұлттық санағының нәтижесіне сәйкес елімізде халықтың 70,2 %-ы өздерін мұсылмандармыз, яғни 11 237 900 адам діни сенімі бойынша өздерін ислам дінінің өкілдеріне жатқызатындығын білдірген, 4 190 100 адам басқа діндегілер, соның ішінде 26 %-ы – христиандармыз, 5 300 адам; 0,03 %-ы – иудейлерміз, 14 600 адам; 0,1 %-ы – буддистерміз, 30 100 адам; 0,2 %-ы – өзге діндерді (кришна, т.б.) ұстанушылармыз деп атаған. Соның ішінде ешқандай дінді ұстанбаймыз деп – 450 500 адам, 2,8 %-ы, жауап берсе, 0,5 %-ы жауап беруден бас тартқан [1].

Қазақстан көп ұлтты халықтар консолидациясы олардың діни құқықтарын қорғау және дамытумен де тығыз байланысты. Қазақстанның бастамасымен 2010 жыл Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы ретінде өтті, ал 2013-2022 жылдарды ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы деп жариялады. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп, өз қызметі барысында еліміз толеранттылықты нығайту мәселесін басты бағыт етіп ұстап, еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік өлшемдерінің санын кеңейте түсуді ұсынды. ЕҚЫҰ Астана саммитінің Декларациясында конфессияаралық үнқатысуды дамыту, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту туралы Саммитке қатысқан 56 мемлекет басшыларынан қолдау тапты. Одан әрі Қазақстан Еліміз «Ислам конференциясы ұйымының» толық мүшесі ретінде 2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымын басқарып, ислам елдері арасындағы діни мәселелердің басым бағыттарын реттеуге үлес қосты [2].

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін...негізге алады», – деп атап көрсетілді [2]. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң негізінде 2012 жылы діни бірлестіктер мемлекеттік қайта тіркеуден өтті. Нәтижесінде, кезінде 4551 деп көрсетілген діни бірлестіктер саны, 3088-ге өзгерген. Сонымен қатар, елімізде тараған конфессияларды жіктеу жүйесіне көңіл бөлініп, бұрын конфессия қатарына жатқызылған діни бағыттарды талдау арқылы, діни конфессиялардың нақты саны 46 емес, 17 екені анықталған [3]. Сондай ақ, осы Заң қабылданғаннан кейін 2229 – ислам, орыс православ шіркеуінің митрополиялық округінде – 9 епархия, 261 приходтары, Армян-апостол шіркеуі мен 8 көне әдет-ғұрыптар шіркеулері, Рим-католик шіркеуінің 79 бірлестігі, иудейлердің 4 қауымы, 2 буддистік бірлестіктер діни бірлестіктер ретінде мемлекеттік қайта тіркеуден өткен. Елімізде 9 медреселер, 1 имамдардың біліктілігін арттыру орталығы, 2 қарилар дайындау орталықтары, 1 епархиялық жоғары діни семинариясы, 1 епархиялық рухани училищесі және 1 ислам дін мамандарын дайындайтын «Нұр-